

	ҚР ҒЖБМ ҒК «Экономика институты» ШЖҚ РМК 2025 жылғы «23» қаңтардағы №5/П бұйрығымен бекітілді
--	---

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Ғылым комитетінің  
«Экономика институты»  
шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының  
**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ САЯСАТЫ**

Алматы, 2025

## Мазмұны

1-тарау. Жалпы ережелер.....	
2-тарау. Қолданылу саласы.....	
3-тарау. Терминдер мен анықтамалар.....	
4-тарау. Сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алудың мақсаттары мен міндеттері.....	
5-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары.....	
6-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастық.....	
7-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі алдын алу шаралары.....	
§1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау.....	
§2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт.....	
§3. Қаржылық бақылау шаралары.....	
§4. Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу.....	
§5. Бұзушылықтар туралы хабарлау.....	
§6. Сыйлықтармен және өкілдік шығыстармен жұмыс жасаудың жалпы ережелері	
§7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер.....	
§8. Персоналды басқару.....	
8-тарау. Контрагенттермен өзара іс-қимыл кезіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар	
9-тарау. Жауапкершілік.....	
10-тарау. Қорытынды ережелер.....	

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. ҚР ҒЖБМ ҒК «Экономика институты» ШЖҚ РМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына, атап айтқанда, бірақ олармен шектелместен: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң), сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің, ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің және ҚР ҒЖБМ ҒК «Экономика институты» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – Институт) ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Саясат Институттағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жүйесінің негізгі мақсаттары мен міндеттерін, процеске қатысушылардың сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерін болдырмау, олардың міндеттерін, функцияларын, өкілеттіктері мен жауапкершілігін, оның ішінде жеке, заңды тұлғаларды, мемлекеттік билік органдарын және олардың өкілдерін қоса алғанда, үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерін болдырмау қағидаттары мен ұйымдастырылуын айқындайды.

3. Институт өз қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің кез келген түріне төзбеушілік қағидатын ұстанады. Саясат сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алудың басқарушылық және ұйымдастырушылық негіздерін, сондай-ақ олардың салдарын азайту шараларын белгілейді.

4. Институтта «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңына, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Төрағасы 2020 жылғы 30 желтоқсанда бекіткен Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға және ҚР ҒЖБМ ҒК «Экономика институты» ШЖҚ РМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ережеге сәйкес әрекет ететін комплаенс-қызмет құрылады.

5. Институт атқаратын лауазымына қарамастан қызметкерлерден осы Саясаттағы жол берулер мен шектеулерді ескере отырып, онда анықталған белгілі бір әдеп қағидаттарымен, тәсілдермен және талаптармен келісетінін күтеді.

6. Институт пен қызметкерлер консультанттарды, агенттерді немесе өзге де үшінші тұлғаларды қоса алғанда, контрагенттердің қызметі арқылы осы Саясаттың талаптарын аттап өтуге құқығы жоқ.

7. Саясат Институттың сыбайлас жемқорлықтың алдын алу саласындағы ішкі нормативтік құжаттарын (бұдан әрі – ІНҚ) әзірлеу үшін негіз болып табылады және Институттың барлық қызметкерлерінің танысуы және сақтауы үшін міндетті болып келеді.

## **2-тарау. Қолданылу саласы**

8. Осы Саясат Институттың барлық қызметкерлерінің танысуы және мүлтіксіз сақтауы үшін міндетті болып табылады.

9. Осы Саясат Институттың ресми интернет-ресурсында орналастырылуға тиіс.

## **3-тарау. Терминдер мен анықтамалар**

10. Бұл саясатта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

Институт қызметкері – Институтпен еңбек қатынастарында болатын және онымен жасалған еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға.

Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде Институтта сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарын жою жөніндегі қызметі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар және осы Заңға сәйкес өзге де шаралар.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт – Институт қызметі үшін белгіленген, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі.

Әкімшілік-шаруашылық функциялар – ұйымның балансындағы мүлікті басқаруға және оған билік етуге Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – Институттың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау жөніндегі қызметі.

Комплаенс-тәуекел – Институт пен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің, Институттың ІНҚ талаптарын сақтамауы салдарынан шығындардың туындау ықтималдығы.

Мүдделер қақтығысы – Институттың лауазымды тұлғаларының және (немесе) оның қызметкерлерінің жеке мүдделері мен Институт үшін қолайсыз салдарға алып келуі мүмкін олардың өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін немесе Институттың және (немесе) оның қызметкерлерінің мүліктік және өзге де мүдделерін тиісінше орындамау арасында қайшылық туындайтын жағдай.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі.

Контрагент – Институтпен жасалатын мәміле бойынша тарап.

Мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам – Институтта ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнайы өкілеттік бойынша орындайтын адам.

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам – Институтта басқару функцияларын орындайтын адам, сондай-ақ сатып алуды, оның

ішінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу жөнінде шешімдер қабылдауға уәкілеттік берілген не мемлекеттік бюджет пен Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры қаражатынан қаржыландырылатын жобаларды іріктеуге және іске асыруға жауапты, дербес құрылымдық бөлімше басшысынан төмен емес лауазымды атқаратын адам.

Ұйымдастырушылық-өкімдік функциялар – Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен қызмет бабында бағынысты адамдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығаруға, сондай-ақ қарамағындағыларға қатысты көтермелеу шаралары мен тәртіптік жазаларды қолдануға берілген құқық.

Комплаенс рәсімі – Институт қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасына және Институттың ІНҚ талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге бағытталған, дербес процесс болып табылатын немесе басқа процестердің әртүрлі кезеңдеріне енгізілген, тиісті түрде регламенттелген және тұрақты негізде жүзеге асырылатын іс-шаралар кешені.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

#### **4-тарау. Сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алудың мақсаттары мен міндеттері**

11. Осы Саясат Институт қызметкерлерінің құқыққа қайшы, әдепке сай емес, сыбайлас жемқорлық мінез-құлық жағдайларын анықтау, алдын алу және азайту мақсатында әзірленді және барлық қызметкерлер мен Институт басшыларында сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің мәнін, олардың нысандары мен көріністерін, оның ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуы мүмкін жағдайлар мен іс-әрекеттердің алдын алу және жолын кесу үшін біркелкі түсінуді қалыптастыруға бағытталған.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жүйесінің негізгі міндеттері:

1) Институтта сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу қағидаттары мен қағидаларын белгілеу;

2) сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алуға және Институтты, сондай-ақ қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық қызметіне тарту тәуекелдерін барынша азайтуға бағытталған тиімді тетіктерді, рәсімдерді, бақылау және өзге де іс-шараларды құру;

3) әдепке сай мінез-құлық мәдениетін және сыбайлас жемқорлық бағытының барлық көріністеріне төзбеушілікті, оның ішінде Институт қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтың бірыңғай стандартын қалыптастыру;

4) Институт қызметінің барлық деңгейлерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттарды стратегиялық және жедел басқаруға интеграциялау;

5) Институт қызметкерлерінде, контрагенттерде және басқа да тұлғаларда осы Саясаттың қағидаттарын бірыңғай түсінуді қалыптастыру;

6) Институт Басқармасын сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттері және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шеңберінде қабылданатын шаралар туралы хабардар ету;

7) сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасағаны үшін жауапкершілік шараларын қолдану.

## **5-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары**

12. Институтта сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) заңдылық және әдеп;
- 2) кез келген нысанда және көріністерде сыбайлас жемқорлық әрекеттерін қабылдамау;
- 3) корпоративтік басқарудың барлық деңгейлеріндегі сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің көріністеріне ымырасыз көзқарас;
- 4) Институтта сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне, оның ішінде мүдделер қақтығысының көрінісіне жол бермеу;
- 5) Институт қызметкерлерін сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі жұмысқа белсенді тарту.

## **6-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастық**

13. Институт сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен:

- 1) сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтардың жасалу жағдайлары туралы хабардар ету;
- 2) сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу кезінде жәрдемдесу;
- 3) сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасауға қатысы бар адамдарды, олардың орналасқан жерін анықтау;
- 4) сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу жөніндегі қызметті үйлестіру;
- 5) сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасау нәтижесінде алынған мүлікті анықтау мақсатында ынтымақтастық жасайды.

## **7-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі алдын алу шаралары**

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Институт қызметінде:

- 1) кез келген нысанда сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне төзбеушілікті қалыптастыру;
- 2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;
- 3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл саласында корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру;
- 4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу;
- 5) осы Саясаттың қағидалары мен талаптарын Институттың барлық қызметкерлеріне жеткізу;
- 6) егер мұндай іс-әрекеттер мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың қызметтік өкілеттіктеріне кіретін немесе лауазымдық жағдайына байланысты бұл адамдар мұндай әрекеттерге (әрекетсіздіктерге) ықпал ете алатын болса, оларды ұсынған адамдардың пайдасына іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді қабылдауға жол бермеу бойынша өз өкілеттіктерінің шегінде көрініс табады.

15. Сыбайлас жемқорлық тәуекелі туындауы мүмкін Институт қызметінің бағыттары:

- 1) сыйлықтар және өкілдік шығыстар;

- 2) персоналды басқару;
- 3) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру;
- 4) бағдарламалық-нысаналы және гранттық қаржыландыруға арналған конкурстарға қатысу;
- 5) жоғары оқу орындарымен интеграция.

### **§1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау**

16. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу жөніндегі қызметті білдіреді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды Институтта жұмыс істеп тұрған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссияның көмегімен Институттың комплаенс-қызметі жүргізеді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің кезеңділігін Институт белгілейді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) Институттың қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Институттың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Институттың қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар анықталады.

Институттың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі деп:

1) персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы;

2) мүдделер қақтығысын реттеу;

3) ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелер түсініледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша мыналарды қамтитын талдамалық анықтама дайындалады:

1) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпарат;

2) оларды жою жөніндегі ұсынымдар;

3) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдарды іске асыру мерзімдері.

Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдармен талдамалық анықтама Институттың атқарушы органына қарау және шаралар қабылдау үшін енгізіледі.

### **§2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт**

17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт - Институт қызметі үшін белгіленген, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі.

Институттың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты № 2 қосымшаға сәйкес Институтта жұмыс істейтін адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды мүлтіксіз сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған іс-әрекеттері мен шешімдерін айқындайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Институттың ішкі құжаттарын әзірлеу кезінде ескеріледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:

- 1) Институт қызметкерлерінің өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруы кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын және жауапкершілігін қалыптастыру;
- 2) Сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың теріс салдарын болдырмау.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Институтта жұмыс істейтін адамдардың іс-әрекеттері мен шешімдерін айқындайды және олардың Институттың ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген мінез-құлық нормаларын сақтауына бағытталған.

### **§3. Қаржылық бақылау шаралары**

18. Қаржылық бақылау шараларын жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар және олардың жұбайлары активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны ұсынады.

Активтер мен міндеттемелер туралы декларация Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жасалады және Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған нысан бойынша, тәртіппен және мерзімдерде ұсынылады.

Егер жасалған іс-әрекетте қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, декларацияны ұсынбау немесе осындай декларацияларда толық емес, анық емес мәліметтерді ұсыну Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

Институтта басқару функцияларын орындайтын тұлғалар ұсынған декларацияларда көрсетілген мәліметтер есепті күнтізбелік жылдан кейінгі жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірілмейтін мерзімде жариялануға жатады.

### **§4. Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу**

19. Институттағы мүдделер қақтығысы Институт қызметкерінің жеке мүдделілігі (тікелей немесе жанама) Институттың, үшінші тұлғалардың немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін лауазымдық міндеттерін объективті және бейтарап орындауға әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдайда туындайды.

20. Қызметкердің лауазымдық міндеттерін тиісінше атқаруына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жеке мүдделілігі деп оның лауазымдық міндеттерін атқару кезінде үшінші тұлғалардан ақша, құндылықтар, өзге де мүлік немесе мүліктік сипаттағы қызметтер, өзі үшін немесе үшінші тұлғалар үшін өзге де мүліктік құқықтар түріндегі кірістер алу мүмкіндігі түсініледі.

21. Мүдделер қақтығысын болдырмау, алдын алу және реттеу мақсатында Институт қызметкерлері:

- 1) Институтта мүдделер қақтығысының туындауының кез келген мүмкіндігіне жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауға;
- 2) туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау ықтималдығы туралы ақпаратты ол туралы Институтта белгіленген рәсімдерге сәйкес белгілі болған бойда ашуға;
- 3) өзінің функционалдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде мүдделер қақтығысының туындау қаупін барынша азайтуға міндетті.



22. Мүдделер қақтығысын болғызбау немесе реттеу мүдделер қақтығысының тарабы болып табылатын Институт қызметкерінің лауазымдық немесе қызметтік жағдайын, оны белгіленген тәртіппен қызметтік міндеттерін атқарудан шеттетуге дейін өзгертуден және (немесе) мүдделер қақтығысының туындауына себеп болған пайдадан бас тартудан тұруы мүмкін.

#### **§5. Бұзушылықтар туралы хабарлау**

23. Институт қызметкерлері өздерінің тікелей басшыларын және Институттың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысына жауапты қызметкерін (бұдан әрі – уәкілетті тұлға) сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерін жасауға итермелеу мақсатында қандай да бір адамдардың оларға жүгінген кез келген жағдайлары туралы хабардар етуге тиіс.

24. Кез келген қызметкерде ақпарат пайда болған немесе басқа қызметкерлердің, контрагенттердің немесе Институтпен өзара іс-қимыл жасайтын өзге де адамдардың ықтимал сыбайлас жемқорлық әрекеттері немесе әрекетсіздігі туралы күдік болған кезде бұл туралы Институттың тікелей басшысына және уәкілетті тұлғасына хабарлауы қажет.

25. Институттағы қызметкерлер Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметшілермен өзара іс-қимыл жасау кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін дербес жауапты болады.

#### **§6. Сыйлықтармен және өкілдік шығыстармен жұмыс жасаудың жалпы ережелері**

26. Институт қызметкерлеріне кез келген сыйлықтарды/іскерлік қонақжайлылық белгілерін/өкілдік шығыстарды, егер мұндай әрекеттер/сыйлықтар:

1) Институттың қызметін сақтауға, кеңейтуге немесе оңтайландыруға немесе қандай да бір артықшылық немесе пайда алуға әсер ететін шешімдер қабылдауға іріктеп әсер етудің тікелей немесе жанама мақсаты болса;

2) Институт пен оның қызметкерлері үшін беделді немесе өзге де тәуекел туғызатын;

3) қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз ақша қаражаты, бағалы қағаздар, бағалы металдар болып табылатын немесе ақша қаражатының және/немесе сәнді заттардың өзге де түрлерін немесе баламаларын білдіретін болса;

4) зат, құн және нақты жағдай тұрғысынан ақылға қонымды негізделген болып табылмайтын болса, ұсынуға, уәде беруге, сыйлауға, беруге, талап етуге, сұрауға, қабылдауға тыйым салынады.

27. Институт жүзеге асыратын сатып алудың кез келген әлеуетті қатысушысынан сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін қабылдауға тыйым салынады. Іскерлік сыйлыққа немесе іс-шараға осы Саясаттың талаптарына сәйкес күмән туындаған кезде Институт қызметкері тікелей басшыға және уәкілетті тұлғаға жүгінуі тиіс.

28. Институт мемлекет өкілдерінің, ұйымдардың немесе өзге де тұлғалардың өз қызметін сақтауға, кеңейтуге немесе оңтайландыруға әсер ететін шешімдер қабылдауына тікелей немесе жанама түрде ықпал ету мақсатында немесе егер мұндай көмек осындай ықпал ету әрекеті ретінде объективті түрде қабылдануы мүмкін болса, демеушілік, қайырымдылық және қаржылық көмек көрсетпейді.

29. Институт жұмысшыларға жеке қайырымдылық және / немесе демеушілік көмек көрсетуге тыйым салмайды.

## **§7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер**

30. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың өз өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануына әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттер жасауына жол бермеу мақсатында өзіне:

- 1) мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;
- 2) жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу;
- 3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;
- 4) материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынған адамдардың пайдасына әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың қызметтік өкілеттіктеріне кірсе немесе осы адамдар лауазымдық жағдайына байланысты мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса, оларды қабылдау бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды.

31. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың келісімін Институттың кадр қызметі жазбаша нысанда тіркейді.

32. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамау лауазымға қабылдаудан бас тартуға не жұмыстан шығаруға (атқарып жүрген лауазымынан босатуға) алып келеді, оларды сақтамау қылмыстық жазаланатын іс-әрекет және әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайларда, олардың тиісті қызметті тоқтатуы үшін негіз болып табылады.

32. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың отбасы мүшелері материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынған адамдардың пайдасына осы адамның әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін ұсынылатын материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді алуға, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кірсе не ол өзінің лауазымдық жағдайына байланысты мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса, құқылы емес.

33. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың және (немесе) олардың отбасы мүшелері хабардар етілмей, олардың шотына келіп түскен ақша, сондай-ақ олар алған қаражат олар анықталғаннан кейін екі аптадан аспайтын мерзімде тиісті мемлекеттік кіріс органына мұндай қаражаттың түсу мән-жайлары туралы түсініктеме беріле отырып, республикалық бюджетке аударылуға жатады.

33. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар және (немесе) олардың отбасы мүшелері хабардар етілмей келіп түскен сыйлықтар сыйлықтың алынған күнінен не оған сыйлықтың алынғаны туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға өтеусіз берілуге жатады, ал аталған адамдарға нақ сондай мән-жайларда көрсетілген қызметтерге қызмет көрсетілген күннен бастап не адамға қызметтің көрсетілгені туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде республикалық бюджетке ақша аудару арқылы ақы төленуге тиіс.

34. Сыйлықты мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға берген тұлға жоғары тұрған лауазымды адамды хабардар ете отырып, оны «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалған құны бойынша, мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен жасалатын сатып алу-сату шарты негізінде сатып алуға құқылы. Сыйлықтарды сатудан түскен ақша республикалық бюджетке аударылады.

### **§8. Персоналды басқару**

35. Институт кадрлық шешімдер қабылдау кезінде объективтілік пен адалдық қағидаттарын ұстанады. Қызметкерлерді жалдау, бағалау, ілгерілету және жұмыстан шығару кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында Институт:

1) персоналды іріктеу мен жалдаудың ашық рәсімдерін және лауазымға тиісті біліктілік талаптарын белгіленген тәртіппен әзірлейді және бекітеді; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары бар адамдарды жұмысқа қабылдауға тыйым салу туралы ҚР Еңбек кодексінің 26-бабы 2-тармағының талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді;

2) еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдағанға дейін жұмысқа орналасуға кандидаттарды олардың сенімділігі мен мүдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады;

3) өзінің негізгі қызмет көрсеткіштері мен кәсіби жетістіктерінің нәтижелілігін негізге ала отырып, персоналдың қызметін бағалауды және сыйақы төлеуді жүргізеді;

4) қызметкердің іскерлік қасиеттері мен біліктілігін негізге ала отырып, жоғары тұрған лауазымға ілгерілету туралы шешім қабылдайды;

5) қызметкермен еңбек қатынастары бұзылған жағдайда осы рәсімді Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырады.

36. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісімін лауазымға кіріскен/жұмысқа қабылданған күннен бастап 5 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Институтта кадр саясатын қалыптастыруға және қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше тіркейді.

37. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылданбаған жағдайда, ақпарат тиісті шаралар қабылдау үшін Институттың және (немесе) жалғыз қатысушының атқарушы органының назарына жеткізіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамау жұмысқа қабылдаудан бас тартуға не жұмыстан шығаруға алып келеді.

### **8-тарау. Контрагенттермен өзара іс-қимыл кезіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар**

38. Осы Саясаттың талаптары Институт жеке және заңды тұлғалармен шарттық және өзге де іскерлік қатынастар орнатқан кезде ескеріледі. Институт контрагенттерден, Институт өкілдерінен, басқару органдары мен қызметкерлерінен, сондай-ақ өзге де тұлғалардан олармен Институт шарттарында бекітілген немесе «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңынан тікелей туындайтын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі тиісті міндеттердің сақталуын күтеді.

39. Институт сыбайлас жемқорлық қызметке қатысуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастардың қаупін азайту үшін ақылға қонымды деңгейде күш салады. Осыған байланысты Институттың тәуекелдерді басқару бойынша уәкілетті қызметкерлері:

- оларға Институттың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қағидаттары мен талаптары, оның ішінде осы Саясатқа ұқсас рәсімдер мен құжаттардың болуы туралы хабарлайды;

- олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қағидаттар мен талаптарды сақтауға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін өзара жәрдем көрсетуге дайындығын назарға алады.

### **9-тарау. Жауапкершілік**

40. Институттың барлық қызметкерлері атқаратын лауазымына қарамастан, Саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтауға, сондай-ақ оларға бағынатын адамдардың осы қағидаттар мен талаптарды бұзатын әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дербес жауапты болады.

41. Саясат талаптарын бұзу Институт қызметкерінің мәртебесіне сәйкес келмейтін әрекет ретінде қарастырылуы мүмкін және тәртіптік жаза қолдануға негіз болады.

### **10-тарау. Қорытынды ережелер**

42. Осы Саясат Институттың атқарушы органы оны бекіткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

43. Осы Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына, Институттың ІНҚ-ға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда өзгертуге жатады. Осы Саясатқа енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды Институттың атқарушы органы бекітеді.